Главным профессиональным выбором стал английский язык и со временем английский стал не только специальностью, но и частью семейной истории: дети тоже выбрали это направление, получили образование и построили международную карьеру. По словам Светланы Мадиевны, знание языка открывает возможности и расширяет границы и это она видела на примере собственных выпускников и своей семьи.

Равное отношение к каждому студенту

В работе со студентами она последовательно придерживается принципа равного отношения. Не выделять любимчиков, не навешивать ярлыки, не сравнивать, а помогать каждому продвигаться вперед. Такой подход формирует рабочую дисциплину без какого-либо страха или напряжения. Студенты, как она считает, особенно остро чувствуют интонацию и отношение преподавателя, и именно это во многом определяет их включённость в предмет.

Руководитель и атмосфера кафедры

Значительная часть её профессиональной биографии связана с управленческой работой - на протяжении 17 лет она возглавляла кафедру. Этот период она оценивает прежде всего через качество внутренней атмосферы. Считает, что от руководителя зависит моральный климат в коллективе: рабочие отношения должны строиться на уважении и профессиональном доверии. Стабильность, отсутствие конфликтности и взаимная поддержка преподавателей - важнее формальной строгости.

Что остаётся главным спустя годы

На вопрос о том, что помогает сохранять интерес к профессии на протяжении стольких лет, она отвечает просто: внутренний отклик на успехи студентов. Когда обучающиеся начинают по-настоящему интересоваться языком, задают вопросы и стремятся говорить - это и есть главный профессиональный результат и лучшая мотивация продолжать работу.

Будущим поколениям студентов она желает рационально использовать время обучения и не откладывать серьёзное освоение языка «на потом». А молодым преподавателям - глубоко знать свой предмет и относиться к работе честно и ответственно. В её профессиональной философии нет громких формул, но есть ясный ориентир: качество образования начинается с человеческого отношения - к делу и друг к другу.

Байков Иван, Салахунов Алияр,
3 курс, ОП «Журналистика»



ЧЕРЕЗ ТЕРНИИ К МАСТЕРСТВУ



Некоторые люди делают университет сильнее не громкими словами, а конкретными делами, которые остаются надолго. Они создают привычки и традиции, что влияет на жизнь студентов и всего учебного пространства. Среди тех, кто на протяжении многих лет вносит свой вклад и помогает университету развиваться, - Надежда Маркеловна, старший преподаватель кафедры физического воспитания КазУМОиМЯ имени Абылай хана.

Её жизнь давно и глубоко связана с университетом, превратив его в настоящее призвание и второй дом. Есть преподаватели, для которых университет - это служба. А есть те, для кого он становится пространством, где каждый день рождается смысл. Надежда Маркеловна принадлежит именно к последним. Её профессиональный путь привёл в КазУМОиМЯ (ранее АППИЯ) через годы верности и труда, и здесь она давно стала одной из тех несгибаемых опор, на которых держится дух вуза. Именно интеллигентный коллектив и студенты, с которыми по-настоящему интересно работать, удерживают её здесь десятилетиями.

Её спортивный путь начался с баскетбола - той первой серьёзной школы характера, где она стала кандидатом в мастера спорта СССР и серебряным призёром молодёжных игр в составе сборной Казахстана. Позже в её жизни появились гандбол и волейбол, направления, в которых она смогла проявить тренерское мастерство и педагогические навыки, работая со спортсменами разного уровня подготовки. Когда в конце 90-х шахматы в вузе почти исчезли, она не стала ждать, пока кто-то другой возьмётся за дело. Она просто начала сама и сейчас это приносит успех университету.

«Я всегда выбираю трудный путь», - говорит Надежда Маркеловна. Если направление забыто или сложно, значит, именно там она и будет работать. Так в её деятельности появились шахматы и тоғызқұмалақ - интеллектуальные виды, где побеждает не сила, а мысль.

В 1998 году родился клуб «In Yas» - сначала с досками, купленными на собственные средства, со столами, которые переносили своими руками. Сегодня он имеет свой класс и известен далеко за пределами университета. Воспитанники клуба - призёры Универсиад (Сванова А. и Беринбек Ж. становились серебряными призерами Универсиад РК по шахматам и тоғызқұмалақу, четверо бронзовыми призерами и победителями городских турниров (студентка ФПИФ Рахат Ш- трижды призер в шахматах. В этом году студентка ПФИЯ Кудайбергел А. - мастер спорта по тоғызқұмалақу заняла первое и второе место на городских соревнованиях,

другие ученики стабильно прогрессируют от вторых разрядов к первым. Три первых разряда, выполнили в 2025-2026 учебном году студенты: Амренов А. - ФМО ПиБ., Колчев А.-ФПИФ, Смагулов И., семь выпускников - работают тренерами по шахматам в Алматы, а один - открыл собственный шахматный клуб в США.

«Если даже проигрываешь - играй до конца».

Эту фразу она произносит спокойно, без пафоса, но она звучит как закон. Особое внимание Надежда Маркеловна уделяет студентам с ослабленным здоровьем: разрабатывает для них индивидуальные программы занятий, сопровождает на протяжении всего процесса и внимательно учитывает возможности каждого. В работе она использует современные цифровые инструменты для анализа нагрузки и отслеживания динамики, однако главным остаётся личный контакт и точное педагогическое чутьё.

Надежда Маркеловна помнит спортивный зал из прошлого времени - с корабельными деревянными полами, и светлым заливистым светом, с роялем в углу и разминкой под живую музыку, спортивными снарядами для спортивной гимнастики. Кафедру с видами спорта: лыжная подготовка, плавание на Первомайских озерах, стрельба из м/к винтовки в тире. С прекрасными выездами студентов университета на соревнования в Ташкент и Баку для участия в матчевых встречах, где они могли проявить свои способности не только в иностранных языках, но и в спорте.

Но она мечтает, чтобы живая среда вернулась в спортивные залы с установкой большого экрана и табло, а также современной уличной площадки для Workout с тренажерами для развития и здоровья, за взаимодействие со студенческой поликлиникой для медицинских групп. По её мнению, такие изменения сделали бы университетскую среду ещё более привлекательной и полезной для студентов.

Надежда Маркеловна не гонится за громкими званиями, но её труд отмечен медаль «За развитие национально-практического центра» МОН РК, звание «Лучший педагог» Ассоциации вузов Казахстана, десятки грамот. Однако для неё важнее другое - письма от бывших студентов, фотографии их детей, которые уже ходят в шахматные кружки, слова «спасибо» от тех, кто когда-то боялся даже подойти к шахматной доске. Автор научно-методических работ, она делится знаниями не только со студентами, но и с молодыми преподавателями.

В её словах никогда нет надрыва. Только спокойная, почти незаметная сила. И главный завет, который она оставляет каждому, кто проходит через её руки: «Знай больше. Иди вперёд. И выполняй».

Копильцев Арлан, Столярова Екатерина,
студенты 2 курса ОП «Журналистика»

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛЫ



Кейде бір адамның өмір жолына үңілу — тұтас бір дәуірдің тынысын сезінудің ең қысқа жолы. Ұстаз-ғалым Нұрғұл Торғайбекқызы Жанақованың кәсіби тағдыры — ауыл мектебінен басталып, ғылыми-зерттеу институтының жауапты жұмысына, одан әрі жоғары оқу орнындағы ұзақ жылдық оқытушылық қызметке ұласқан сабақтастықтың айқын үлгісі.

Мен ол кісімен 1998 жылдан бері бір кафедрада әріптес болып бірге қызмет етіп келемін. Осы жылдардың ішінде Нұрғұл Торғайбекқызынан кәсіби мәдениеттің талай қырын, ұстаздық әдеп пен жауапкершіліктің өлшемін, ғылыми тәртіп пен адамдық ұстанымның үйлесімін үйрендім.

1984-1993 жылдары Қазақ ССР Оқу министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдарының ғылыми-зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері болып қызмет атқарды. 1993-1996 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқып, 1997 жылы «Қазақстандағы ұлт-тіл құрылысы (1970-1985 жж.)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

1998 жылдың қазан айынан бері Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде аға оқытушы болып бастап, доцент, қауымдастырылған профессор қызметтерін атқарды, 2024 жылдың қаңтарынан бері университет профессоры. Университетте қызмет еткен осы уақыт аралығында Н.Т.Жанақова өзін кәсіби білімді педагог маман ретінде таныта білді. Ол өзінің дәрістері мен семинар сабақтарын жоғары теориялық және әдістемелік деңгейде өткізіп келеді, әдістемелік жұмыспен де белсене айналысады.

Н.Т.Жанақованың ғылыми еңбектері қазақ тарихы мен мәдениетін, мемлекеттік тіл мен Қазақстандағы аз ұлттар тілдері мәселелерін зерттеуге арналған 1999 жылы «Қазақстандағы қазақ халқы және өзге ұлт өкілдері тілдерінің дамуы (1980-1995 жж.)» монографиясы, 2006 жылы «Қазақстандағы тіл тарихы» оқу құралы жарық көрді.

Университеттің Қазақстан тарихы кафедрасының тарихынан сыр шерткен «История кафедры общественных наук АПИИЯ за 50 лет» (2018) зерттеу еңбегі және көрнекті тарихшы-ғалым Ә.Қанапин туралы «Амир Канапин – государственный деятель, ученый, педагог» монографиясы (2021) авторларының бірі. Сонымен бірге 2019 жылы оның құрастыруымен көрнекті философ-ғалым С.Кенжебаев туралы «Сағындық Кенжебаев» атты кітап «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрді. Мұндай зерттеулердің құндылығы — сол тұлға еңбек еткен дәуірдің интеллектуалдық, саяси-әлеуметтік контекстін

де ашуға мүмкіндік беруінде. Сонымен қатар, кафедра тарихын зерделеу оқу орнының ғылыми дәстүрі мен кадрлық әлеуетін жүйелі түрде таныстыруға ықпал етеді.

Н.Т.Жанақова — бірнеше оқу-әдістемелік кешен мен оқулықтар, және ғылыми жарияланымдар авторы. Бұл ретте ғалымның силлабус, арнайы курс бағдарламалары, қысқаша дәрістер курсы сияқты материалдары студенттің оқу траекториясын айқын ері түсінікті етуге бағытталған.

Н.Т.Жанақова — ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынуымен 2012, 2017 жылдары қазақ, орыс және ұйғыр тілдерінде жарыққа шыққан 7-сыныпқа арналған «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» оқулығы және 2018 жылы қазақ, орыс және ұйғыр тілдерінде жарыққа шыққан 6-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы авторларының бірі.

Н.Т.Жанақова 10 томдық «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, «Абай» энциклопедиясы (1995), «Мұхтар Әуезов» энциклопедиясы (2011) авторларының бірі. Оның Қазақстан тарихына байланысты ғылыми мақалалары Қытайда, Вьетнамда, Чехияда жарық көрді. Сонымен бірге ҚР Білім және ғылым министрлігінің үш ғылыми жобасына қатысуы, біліктілігін танытты.

Профессор Н.Т.Жанақова университеттің және кафедраның қоғамдық жұмысына және Қазақстан тарихын оқыту жөніндегі кафедраның әдістемелік бірлестігінің жұмысына белсене қатысады. Сонымен бірге ол әр оқу жылы барысында өткізілетін мемлекеттік емтихан материалдарын үнемі дайындап келеді.

2019 жылы 29-31 мамырда АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өткен Халықаралық кітап көрмесінде Н.Т.Жанақованың (авторлардың бірі) жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы арнайы сертификатпен аталып, осы көрменің медалімен марапатталды.

Нұрғұл Торғайбекқызы Жанақова - педагогикалық тәжірибені ғылыми ізденіспен ұштастырған, білім беру жүйесіне оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектері арқылы нақты үлес қосқан тарихшы-ғалым. Оның зерттеулері қазақ тарихы мен мәдениеті, тіл тарихы және көпэтносты қоғамдағы тілдік үдерістер сияқты тақырыптарды деректік негізде талдауға бағытталған. Оқулықтар мен әдістемелік құралдар әзірлеуге қатысуы — жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға тікелей ықпал ететін еңбек. Университеттегі ұзақ жылдық қызметі, студенттерді ғылымға баулуы, ғылыми-жобалық жұмыстарға қатысуы - оның кәсіби келбетін толықтыратын маңызды көрсеткіштер. Ғалымның ғылыми-педагогикалық еңбектері алдағы уақытта да тарихты оқыту әдістемесін жетілдіру мен гуманитарлық білім кеңістігін дамытуға қызмет ете беретіні сөзсіз.

Ж.С. Мақашева, PhD, Қазақстан тарихы
кафедрасының қауымдастырылған профессоры

ОТБАСЫ – ӘЛЕУМЕТТІК-РУХАНИ ИНСТИТУТ

Отбасы – қоғамның іргетесі. Қазақтың дәстүрлі төл мәдениетінде отбасы – жәйғана тұрмыстық одақ емес, әрі әлеуметтік, әрі моральдық, әрі рухани институт болып есептелген. Ол бүгінге де сол тұғыздан түспек емес. Міне сондықтан қазақ үшін «Отан – отбасынан басталған» және ол әлеуметтік болмыстың абсолют қағидаты ретінде орныққан-ды. Отбасы арқылы ұрпақ жалғасып, ұрпақпен бірге тәрбие тәжірибесі тұрғыдағы салт-дәстүр мен құндылықтар беріледі. Ал қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі отбасы құндылықтары – ол этникалық болмыс пен әлеуметтік тіршілік тәртібі мен әдебинің өзегін құрайтын іргелі ұстанымдар жүйесі. Ол көшпелі өмір салтына, ру-тайпалық құрылым қағидаттарына және дүниетанымдық мәдени дәстүрге негізделген.

Осыдан қазақтың отбасылық қатынасы мәдениетіндегі өзіндік модель келіп шығады. Қазақтың отбасылық қатынастарының өзегі – иерархиялық сыйластық моделі болған деп айта аламыз. Қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі отбасы құндылықтары үлкенге құрмет және кішіге ізет ұстанымына негізделді. Үлкенге құрмет моделі: ата-ананы, ата-әжені сыйлап құрметтеу; олардың айтқанын екі етпеу; олға сөз қайтармау; кішінің үлкенге сәлем беруі; қарияны төрге шығару; ақыл-кеңесті үлкеннен алу қағидатына сүйенді. Ал қазақтың «кішіге ізет» ұстанымы дәстүрлі мәдениетте әлеуметтік этика, тәрбиелік жүйе және күнделікті мінез-құлық нормалары арқылы нақты көрініс тауып отырған. Ол жас ерекшелігіне ғана емес, адамгершілік, жауапкершілік және әлеуметтік үйлесім қағидаларына негізделген. Бұл ұстаным бірнеше деңгейде айқын көрініс тауып отырған. Мәселен, отбасылық тәрбие жүйесінде; әлеуметтік қарым-қатынас аясында; тілдік және сөйлеу мәдениетінде; дәстүрлер мен салт-жораларда; құқықтық-этикалық нормаларда және т.б. жоралғыларда.

Кішіге ізет отбасы қатынасында үлкеннің кішіні еркелетуі, бірақ шектен асырмау; қамқор болуы; баланың пікірін тыңдау; бағыт-бағдар беру, баланы көптің алдында кемсітпеу; кішіге қаталдық емес, үлгі көрсету арқылы ықпал

ету; «жасы кіші – жолы кіші» дегенмен ар-намысын таптамау. Бұл – баланың өзіне деген сенімін арттырып, оны қоғамға бейімдеудің тәсілі болғаны анық. Демек, бұл баланың тұлға ретінде қалыптасуына жол ашып отырды. Кішіге деген ізет әлеуметтік қарым-қатынас аясында жетім-жесірге қамқорлық жасаудан жасқа қолдау көрсетуден (үйлендіру, енші беру); әлсізді қорғау қағидасына; әлсізді жақтау; жасы кішіге орын беру, үлесінен қақпау сияқты жоралғылардан көрініс тапқан. Мұнда «ізет» – әлеуметтік жауапкершілік ұстанымы болған. Қазақ қоғамында бұл моральдық парыз ретінде қабылданған.

Қазақ қауымында кішіге ізет тілдік қатынас және сөйлеу мәдениеті арқылы да көрініп отырған. Мысалы, балаға жұмсақ үн қату; бата беру; жасы кішіні сөзбен кемсітуге, көптің алдында ұялтуға тыйым салынған; тәрбиелік астары бар мақал-мәтелдерді қолдану; ақыл айту – жеке, бата беру – көптің алдында жүзеге асқан. Кішіге жұмсақ тілмен сөйлеу әдеп нормасы болған. Бұл қазақтың сөз бен тіл мәдениетінің гуманистік сипатын айқындайды. Сонымен бірге, кішіге ізет қазақтың дәстүрлер мен салт-жораларда да нақты сақталып, көрініп отырған. Мысалы, бата беру – жас ұрпақты қолдау; тұсаукесер – баланың болашағына тілек білдіру; ат қою – баланың тағдырына жауапкершілікпен қарау. Бұл рәсімдер арқылы бала қоғамның толық мүшесі ретінде мойындалған. Қазақтың мәдениетте «кішіге ізет» концепті құқықтық-этикалық нормалар арқылы көрініс тауып отырған. Олар қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрып құқығында: көмелетке толмағанда қатал жаза қолданылмауы; үлкеннің кішіге жауап беруі; дауда жасына, жағдайына қарай жеңілдік жасау; кішіге зорлық көрсету ауыр мін деп есептелген; дау-жанжалда жасы кішіге түсіндіру, бітістіру жолы басым болған; жазалаудан бұрын тәлім беру маңызды саналған. Бұл ізеттің әділеттік өлшеммен байланысын айшықтап, ізеттің құқықтық деңгейге дейін көтерілісін көрсетеді.

Қазақтың «кішіге ізет» ұстанымы – адамды жас кезінен қоғамның қадірлі мүшесі ретінде тану, оған қамқор болу және рухани

тұрғыдан жетілдіру идеясына негізделген. «Кішіге ізет» ұстанымы – дәстүрлі мәдениеттегі әлеуметтік этиканың маңызды нормасы болып танылған. Бұл ұстаным «үлкенге құрмет» қағидасымен біртұтас моральдық кодексті құрайды. Бұл қағида әлеуметтік тұрақтылық пен моральдық тәртіптің кепілі саналған. Сайып келгенде, қазақтың «үлкенге құрмет, кішіге ізет» ұстанымы – тек мінез-құлық ережесі емес, адамгершілікке негізделген әлеуметтік философия. Ол тәрбие, тіл, салт, құқық және күнделікті өмір арқылы ұрпақ санасына сіңіріліп, қоғамның ішкі үйлесімін сақтауға қызмет еткен.

Ал енді қазақтың дәстүрі отбасы құру жоралғысы да өзінше мәдени универсум болған. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі некелесу ұстанымдары – тек екі жастың қосылуы емес, екі әулеттің, екі рудың одағы ретінде қарастырылған әлеуметтік әрі рухани институт. Ол әдет-ғұрып құқығына, шариғат нормаларына және қауымдық жауапкершілікке негізделген. Қазақтың некелесу мәдениетіндегі ұстанымдарында, ең алдымен, неке көбіне ата-аналардың келісімі арқылы жүзеге асқан. Демек ол ерекше құдалық институт арқылы жүзеге асқан. Бұл өзінше әлеуметтік жауапкершілік қызметін атқарған. Ол әлеуметтік келісім институты ретінде әзірленіп отырған; екі әулетаралық байланысты сақтау әрі оны күшету; әулеттік мәртебе теңдігі


принциптерін сақтау көзделген; екі жақтың жауапкершілігін бекіту, некенің әлеуметтік кепілдігі ретінде түсінілген. Дәстүрлі қоғамда ата-ана шешімі маңызды болғанымен, қыздың да ризалығы ескерілген. Қыздың келісімінсіз неке қиылмауы шарт болған. Неке өмірлік одақ ретінде қабылданған әрі осы ұстаным ұлттық құндылық ретінде мойындалған. Дәстүрлі қазақ некесі әлеуметтік жауапкершілік пен әлеуметтік тұрақтылыққа негізделіп әулеттік ынтымаққа қызмет жасап отырған. Қазақ мәдениетінде неке – отбасы тұрақтылығының негізгі тетігі әрі қоғамның әлеуметтік құрылымын сақтаушы институт болды. Ол тек жеке адамдардың одағы емес, әулеттік, рулық, қоғамдық жауапкершілік жүйесі ретінде қызмет атқарды.

Д.С. Раев, философия ғылымдарының докторы, профессор

Зан мен тәртіп: ҚазХҚЖӘТУ-дегі кездесу

2026 жылғы 18 ақпанда Қызыл залда Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және өлем тілдері университеті студенттерінің құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесуі өтті. Іс-шара жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталды.

Іс-шараға Алматы аудандық полиция басқармасы жанындағы полиция бөлімінің жеке құраммен жұмыс жөніндегі орынбасары, полиция подполковнигі Букин Жанайдар Асхатович және Алматы аудандық ПБ ювеналды полиция бөлімшесінің аға учаскелік инспекторы, полиция майоры Бейсенова Зарина Нұрбаевна қатысты.



Кездесу аясында «Кітаптық емес белгілер» және «Бұзақы қыз» әлеуметтік фильмдерінің премьерасы өтті. Көрсетілімнен кейін полиция қызметкерлері студенттермен фильмдерде көтерілген жасөспірімдер қылмысы мәселелерін талқылап, жастар арасында жиі кездесетін құқықбұзушылықтар мен олардың құқықтық салдары туралы түсіндірді.

«Кітаптық емес белгілер» фильмі есірткі тарату және қолдану үшін сотталған Достанның өмірін баяндайды. Ал «Бұзақы қыз» фильмінде денсаулыққа қасақана зиян келтіргені үшін сотталған Даринаның тағдыры көрсетілді.

Кездесу барысында дроппинг, сталкинг және интернеттегі өзге де заманауи құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілікке қатысты жаңа заңнамалық шаралар түсіндірілді.

Іс-шара студенттердің өз іс-әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға және саналы шешім қабылдауға ықпал етті.

Халықаралық құқық кафедрасы

После экрана - тишина, в которой хочется думать

Встреча студентов с представителями Управления полиции Алмалинского района ДП Алматы прошла в рамках идеологии «Закон и порядок». По сути — разговор о выборе, последствиях и той грани, за которую иногда заходят слишком легко, почти незаметно для самих себя.

Модераторами встречи выступили преподаватели кафедры международного права — профессор К. М. Кучуков и доцент Н. С. Джетибаев. В мероприятии приняли участие представители полиции. В ходе встречи студентам рассказали об ответственности за правонарушения: от дроппинга и сталкинга до насилия и вовлечения молодежи в распространение наркотиков. Однако главным языком встречи стали не статьи кодексов, а кино, которое оказалось ближе и понятнее.

Студентам показали фильмы «Хулиганка» и «Не книжные закладки». С первых сцен стало ясно - это не просто профилактика, а болезненно реальные истории, в которых легко узнать знакомые черты. Их герои - обычные подростки, решившие, что быстрые деньги помогут вырваться и что-то доказать. Возникает внутренний конфликт: хочется понять, но невозможно оправдать. Легкость денег оказывается иллюзией, последствия - реальностью.

Особое напряжение вызвал образ Дарины, девушки, осознанно причиняющей боль ради мнимого авторитета. Ее выбор разрушает не только жертву, но и ее саму. Такая «сила» не возвышает - она опустошает, оставляя после себя пустоту и боль.

Встреча показала: преступление редко начинается с большого шага - чаще с малого оправдания. Мы смотрели эти истории не как зрители, а как часть той же реальности, в которой живем каждый день. Осталась не столько тревога, сколько понимание: каждый выбор имеет цену. Иногда - необратимую.

Эта встреча напомнила простую вещь: ответственность начинается задолго до суда.

Токтаубек Токжан, 2 курс, ОП «Журналистика»

«Коммуникативті технологиялар: тіл үйретудің теориясы мен тәжірибесі»: дөңгелек үстелі

2026 жылы 10 наурыз күні Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Аққожина Баян Қанатқызының басшылығымен және филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ақыш Ботакөз Өтегенқызының, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Сәуле Сейткерімқызы Айтжанованың, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Ғалия Жолдыбайқызы Тұңғатованың ұйымдастыруымен «Коммуникативті технологиялар: тіл үйретудің теориясы мен тәжірибесі» атты дөңгелек үстелі өткізілді. Іс-шараның мақсаты: білім беру үдерісінде коммуникативті технологияларды қолданудың тиімді жолдарын талқылау, тәжірибе алмасу және заманауи әдістемелік шешімдерді ұсыну.

Алғашқы теориялық баяндаманы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Ерназарова Зәуреш Шаршыбековна оқыды. Баяндамашы қазақ тілін оқытудағы дәстүрлі грамматикалық-аударма әдісі мен коммуникативті оқыту әдісінің ерекшеліктері, олардың оқыту үдерісіндегі орны мен тиімділігіне талдау жасады. З.Ш.Ерназарова тіл үйретуде жаттауға негізделген дәстүрлі тәсілдің оқушының танымдық белсенділігін шектейтінін, ал коммуникативті әдіс оқушылардың белсенді әрекетін, шығармашылық ойлауын және сөйлеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретініне назар аударды. Сөз барысында коммуникативті құзыреттің мазмұны, оның құрамдас бөліктері, сондай-ақ тіл үйренушінің еркін және дәл сөйлеуін қалыптастыруға бағытталған тапсырма түрлері талданды. Сонымен қатар коммуникативті оқыту әдісін жүзеге асырудағы мұғалім мен оқушының рөлі, сабақ құрылымы, рөлдік ойындар, топтық және жұптық жұмыстардың маңызы бағаланды. Баяндамашы қазақ тілі сабағында шынайы өмірлік жағдаяттарды модельдеу, аутентті материалдарды

пайдалану және сөйлеу әрекетінің барлық түрін дамыту қажеттігін негіздеді. Сонымен қатар баяндама барысында коммуникативті әдіске негізделген тапсырмалар жүйесінің құрылымы, олардың түрлерін анықтаудың, құрастырудың қағидаларына тоқталды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ЖОО дейінгі білім беру факультетінің, қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Мұсаева Гүлбағиша Әбіласымовна «Тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту» атты баяндамасын жасады.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері (АҚШ, Оксфорд университеті, қазақ тілі пәнінің оқытушысы) Phd докторант, Садық

Дидардың онлайн түрінде қатысып, «Англофондардың қазақ тілін меңгеруіндегі фонетика-фонологиялық интерференция түрлері» атты баяндамасын ортаға салып ой бөлісті.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор Есеналиева Жанар Жорабекқызы, «Екінші тілді оқытуда салғастырмалы әдісті қолдану» атты тақырыпта теориялық және практикалық баяндамасын ұсынды. Екінші тілді оқытуда салғастырмалы әдісті қолдану өте тиімді. Бұл әдіс арқылы оқытушы студенттердің ана тілі мен үйреніп жатқан тілін салғастырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсіндіреді. Соның нәтижесінде студенттер жаңа тілді жеңіл өрі саналы түрде меңгереді.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ақыш Ботакөз Өтегенқызы «Диалогтік оқыту, рөлдік ойын, жағдаяттық тапсырмалар» деген тақырыпта өз тәжірибесімен бөлісті. Осыған байланысты орыс тілді аудиторияда қазақ

тілін оқыту үшін диалогтік оқыту мен рөлдік ойын әдістерін қалай қолдану керектігі жайлы ойларын ортаға салды. Бұл бағытта диалогтік оқыту студенттің белсенді қатысуын қамтамасыз етсе, ал рөлдік ойын әдісі теорияны тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді. Себебі олар тілдік кедергіні азайтып, сөйлеу белсенділігін арттырады деп нақты тақырып бойынша практикалық жұмыс жүргізді.



Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Нұрмышева Шәрбат Арзықұлқызы «Бастауыш және орта буында коммуникативті әдістерді қолдану А1 деңгейі бойынша «Амандасу және танысу» тақырыбы сабағының әзірлемесін ұсынды. Сабақтың коммуникативтік мақсаты: тіл үйренушілердің қарапайым өмірлік жағдаяттарда сәлемдесу, өзін таныстыру, басқа адамды таныстыру, қарапайым сұрақ қою және жауап беру дағдыларын қалыптастыру.

Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі қауымдастырылған профессор Аққожина Баян Қанатқызы «Коммуникативті технологиялар: тіл үйретудің теориясы мен тәжірибесі» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің соңында қысқа, мазмұнды қорытынды сөз сөйлеп, барлық қатысушыларға белсенді қатысып, құнды пікірлерімен бөліскендері үшін алғыс білдірді.

Аққожина Ш.Қ.,
қазақ филологиясы кафедрасының доценті,
Ақыш Б.Ө., п.ғ.м., аға оқытушы

Үйрену мен үйрету бірлігі: докторант тәжірибесі

Докторантурада оқу – зерттеушінің кәсіби және ғылыми қалыптасуындағы маңызды кезең. Қазіргі уақытта мен

семинарлар мен конференцияларға қатысуды қамтиды. Университеттің профессорлары мен тәжірибелі

ғылыми мақалаларда, баяндамаларда және диссертациялық зерттеу жұмысында көрініс табады.



8D02322 – «Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша білім алудамын. Оқу үдерісі бейіндік пәндерді меңгеруді, әдіснамалық тәсілдерді игеруді, ғылыми

ғылымдарының жетекшілігімен зерттеудің, логикасы қалыптасып, әдіснамалық негізі жүйеленеді және академиялық жарияланым стандарттары меңгеріледі. Алынған білім

Сонымен қатар, докторантура тек білім алуды ғана емес, оны тарату мен жеткізуді де көздейді. Оқу үдерісімен қатар мен 7M02313 – «Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасының магистранттарына «Academic Writing» пәнінен дәріс беріп, педагогикалық қызмет атқарудамын. Осылайша екіжақты үдеріс қалыптасады: мені ғылыми жетекшілерім оқытады, ал өз кезегімде мен магистранттармен білімім мен зерттеу тәжірибемді бөлісемін. Мұндай формат ғылыми дәстүрдің сабақтастығын қамтамасыз етіп, оқу мен оқытуды біртұтас академиялық ортаның өзара байланысты элементтеріне айналдырады.

Ақбота Муратқызы
8D02322 – «Шетел филологиясы» білім беру
бағдарламасының 2-курс PhD докторанты

Онлайн-лекция на тему: «Влияние цифровых медиа на гендерные представления казахстанской молодежи» ассоциированного профессора КазУМОиМЯ имени Абылай хана Серёжкиной Т.В.

13 марта 2026 года, в рамках академической мобильности профессорско-преподавательского состава, для обучающихся Университета Неаполя «L'Orientale» (Università degli Studi di Napoli L'Orientale) состоялась онлайн-лекция кандидата философских наук, ассоциированного профессора КазУМОиМЯ имени Абылай хана Серёжкиной Татьяны Владимировны на тему: «Влияние цифровых медиа на гендерные представления казахстанской молодежи».

Тема лекции вызвала живой интерес у студентов и преподавателей итальянского университета. В ходе выступления были рассмотрены ключевые теоретические подходы к изучению гендера как социально-культурного конструкта, а также особенности трансформации гендерных ролей в условиях цифровизации и глобализации.

Особое внимание было уделено роли социальных сетей, онлайн-платформ и цифрового контента в формировании ценностей, установок и моделей поведения молодежи. Лектор подчеркнула, что цифровая среда не только расширяет возможности для самовыражения, образования и профессиональной реализации, но и способствует формированию гибридной гендерной идентичности, сочетающей элементы традиционных и современных представлений.

Вместе с тем были обозначены и существующие вызовы: противоречия между глобальными трендами и национальными культурными нормами, давление со стороны общества и цифровой среды, а также сохраняющиеся стереотипы и гендерное неравенство. Особый интерес аудитории вызвали примеры из казахстанского контекста, иллюстрирующие влияние цифровых медиа на повседневные практики и мировоззрение молодежи.

Лекция прошла в интерактивном формате и сопровождалась активным обсуждением. Студенты задали ряд вопросов, касающихся гендерной социализации, роли образования и медиа, а также перспектив трансформации гендерных установок в современном обществе.

Проведение подобных мероприятий способствует укреплению международного академического сотрудничества, обмену научными знаниями и развитию межкультурного диалога между университетами Казахстана и Италии.

Әбдіғалпарт Тақшолпан,
начальник управления по международному сотрудничеству

Научно исследовательская практика магистрантов на базе Национального центра повышения квалификации «Орлеу»

Магистранты 2-го курса образовательной программы «7M01711-Подготовка педагогов иностранного языка» успешно завершили научно-исследовательскую практику в Национальном центре повышения квалификации «Орлеу».

В ходе практики они познакомились с современными образовательными технологиями и освоили эффективные методы и приемы организации учебного процесса. Магистранты работали с опытными специалистами, повысили свою квалификацию и смогли сочетать теоретические знания с практикой. Полученный опыт значительно расширил профессиональный кругозор магистрантов, позволил им укрепить компетенции, необходимые для успешной преподавательской деятельности, а также сформировал навыки адаптации к современным вызовам в сфере образования. Практика в «Орлеу» стала важным этапом их профессионального становления и открыла новые возможности для дальнейшего карьерного роста и научных исследований.



М.А. Касымбекова, Руководитель ОП
«7M01711-Подготовка педагогов иностранного языка» УПО

Бамбергке апарған жол: Менің академиялық ұтқырлық бағдарламасындағы тарихым

Мен, Сағидоллаева Аружан Нұржігітқызы — Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті студентімін. Екі шетел тілі мамандығы бойынша білім алып жүрген екінші курс студенті ретінде менің арманым — тілді тек меңгеру емес, оны өзгеше сапалы түрде үйрете алатын деңгейге жету. Болашақта кәсіби ағылшын немесе түрік тілі мұғалімі болу — менің өмірлік мақсатым.

Бірақ менің студенттік өмірімдегі ең үлкен бетбұрыс 2025 жылы болды. Бұл жыл менің тағдырымдағы айрықша кезеңге айналды. Мен Германияның жүрегінде орналасқан көне тарих пен білімнің тоғызған мекені — Бамберг қаласындағы Otto-Friedrich-Universität Bamberg университетіне академиялық мобильділік бағдарламасы арқылы оқуға түстім. Бұл — мен үшін жай ғана шетелдік семестр емес, рухани әрі зияткерлік серпіліс болды.

Бұл жай ғана алмасу бағдарламасы емес еді. Бұл — менің тұлғалық, академиялық және кәсіби өсуімнің жаңа кезеңі болды.

Бағдарламаға түсу оңай болған жоқ. Құжаттар дайындау, мотивациялық хат жазу, тілдік деңгейді дәлелдеу, сұхбат кезеңі — бәрі үлкен жауапкершілікпен өтті. Мен өз университетімде әрдайым белсенді, жауапты студент болуға тырыстым, сол еңбегімнің нәтижесінде грант ұтып алдым. Қабылданғанымды естіген сәтте мен қуанышпен қатар, осы сенімге лайық болуым керектігін терең сезіндім, өйткені мұндай мүмкіндікке ие болу — үлкен жауапкершілік.

Бамбергке келген алғашқы күндер — ерекше сезімдерге толы болды. Жаңа ел, жаңа мәдениет, басқа білім жүйесі. Алғашында адаптация кезеңі болды: неміс тәртібі, уақыттың

дәлдігі, сабақ құрылымы — бәрі өзгеше. Бірақ дәл осы өзгешелік мені шыңдады.

Германиядағы оқу жүйесі Қазақстанмен салыстырғанда анағұрлым дербес. Студенттен өз бетімен іздену, зерттеу, сыни ойлау талап етіледі. Сабақ түрі ағылшын мұғалімдерінің тілімен айтқанда learner-centered. Сабақ барысында пікірталас, талдау, презентациялар көп болды. Мен English Language Teaching бағытындағы пәндерді оқыдым: академиялық жазу, коммуникативтік әдістер, заманауи оқыту технологиялары. Әсіресе Virtual Reality (VR) сабағы ерекше әсер қалдырды. Біз виртуалды шындық технологиясын тіл үйретуде қалай қолдануға болатынын зерттедік. Бұл менің болашақ мұғалім ретіндегі көзқарасымды кеңейтті.

Тілдік тұрғыдан бұл семестр мен үшін үлкен серпіліс болды. Ағылшын тіліндегі деңгейім B2–C1 шамасында еді, бірақ халықаралық ортада тұрақты сөйлесу, әртүрлі акценттерді түсіну, академиялық жазу — мені жаңа деңгейге шығарды. Шетелден келген студенттерге университет арнайы Тандем-партнер тағайындайды екен. Менде Тандем-партнер болды, оның аты — Джулиан, ол жергілікті студент, неміс ұлтының өкілі. Біз бір-бірімізге тіл үйретіп қана қоймай, өз ұлтымыздың мәдениетімен және салт-дәстүрімен бөлістік. Бұл тәжірибе тек тілді үйреніп қана қоймай, одан әрі жетілуіме, дамуыма ықпал етті. Шетелдік студенттермен қарым-қатынас менің әлемге деген көзқарасымды өзгертті. Италия, Испания, Франция, Түркия, Иран, Сербия елінен келген студенттермен танысып, достар таптым. Шетелдік студенттер арасында ең жақын екі құрбым Захра және Гордана болатын.

Үшеуміз жатахана да бірге тамақ жасап, кітапханаға да бірге баратынбыз. Осы орайда әр мәдениеттің өзіндік ерекшелігі бар екенін түсіндім. Халықаралық кештер, университеттік



іс-шаралар, бірлескен жобалар — барлығы менің студенттік өмірімді одан әрі қызықты етті.

Әрине, қиындықтар да болды. Отбасымды сағыну, қаржылық жоспарлау, алғашқы мәдени шок — бәрі шынайы тәжірибе. Бірақ бұл кішкентай қиыншылықтар мені әлсіреткен жоқ, керісінше, күшейтті. Мен өз бетімше шешім қабылдауды, уақытты басқаруды, жауапкершілікті үйрендім.

Бамберг мен үшін екінші үйіме айналды. Бұл қалада мен өзімді жаңа қырымнан таныдым. Құндылықтарым өзгерді, сенімділігім артты, кәсіби мақсаттарым нақтыланды. Мен өзімді тек қазақстандық студент емес, жаһандық азамат ретінде сезіне бастадым.

Егер маған тағы бір рет таңдау берілсе, мен еш ойланбастан қайта барар едім. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бұл — тек шетелде оқу емес. Бұл — шекараларды кеңейту. Бұл — тілдік серпіліс. Бұл — тұлғалық өсу. Бұл — армандарға бір қадам жақындау.

Бамберг менің өмірімдегі маңызды тарау болып қалды. Және мен бір нәрсені анық білемін — бұл тек бастамасы ғана.

Сағидоллаева Аружан Нұржігітқызы,
3 курс студенті, ББ «Шет тілі: екі шеттілі»

MINZU UNIVERSITY OF CHINA – КАК ЭТО БЫЛО?

Возможность поучиться за границей всегда казалась мне чем-то очень интересным и почти недостижимым. Однако благодаря программе академической мобильности в КазУМОиМЯ им. Абылай хана эта мечта стала реальностью. Сейчас я заканчиваю четвертый курс по специальности «Иностранная филология», поэтому участие в программе стало важным этапом моего профессионального и личного развития.

Отбор на программу проходил на конкурсной основе. Учитывались академическая успеваемость, высокий показатель GPA, уровень знания иностранного языка, мотивационное письмо и базовые знания китайской культуры. Подготовка к конкурсу заняла немало времени, поэтому новость о том, что я прошла отбор, стала для меня большой радостью. В рамках программы обучение и проживание в общежитии предоставлялись бесплатно, студенты оплачивали только перелёт, питание и личные расходы. Это делает обучение за рубежом более доступным и дает возможность получить международный академический опыт.

Осенний семестр я провела в университете 中央民族大学 (Minzu University of China) в Пекине. Здесь обучаются студенты из разных регионов

Китая и многих стран мира, поэтому в университете ощущается настоящая международная атмосфера.

Перед поездкой мой уровень китайского языка соответствовал HSK 4, поэтому обучение стало отличной возможностью улучшить языковые навыки и применить знания на практике. Сначала было немного волнительно – новая страна, университет и языковая среда, однако со временем я адаптировалась и почувствовала себя увереннее.

Учебный процесс оказался интересным и достаточно требовательным. Посещаемость строго контролировалась, а каждый пропуск мог повлиять на итоговую оценку. На занятиях большое внимание уделялось языковой практике: мы работали в группах, делали презентации и участвовали в обсуждениях. Такая форма обучения помогала активнее использовать язык и быстрее преодолеть языковой барьер.

Одним из самых необычных предметов для меня стала китайская каллиграфия – искусство письма кистью, требующее терпения и концентрации. Подобных дисциплин в нашей системе образования практически нет, поэтому этот опыт был особенно интересным.

Особенно запомнилось общение со студентами из Китая. Несмотря на первоначальную сдержанность, они оказались очень дружелюбными и всегда были готовы помочь. Многие жители Китая

также проявляли интерес к иностранцам, охотно рассказывали о своей культуре и спрашивали о моей стране. Кроме того, я познакомилась со студентами из разных государств, что дало ценный межкультурный опыт.

Помимо учебы, мы активно участвовали в университетской жизни: посещали культурные мероприятия, студенческие встречи и фестивали для иностранных студентов. Это помогло лучше познакомиться с китайской культурой и почувствовать себя частью университетского сообщества.

Этот семестр стал для меня очень важным опытом. Обучение в Китае помогло не только улучшить знание языка, но и лучше понять культуру страны и систему образования. Более того, этот опыт повлиял на мои дальнейшие планы: после окончания университета я хотела бы снова поступить на обучение в Китай, чтобы продолжить профессиональное и языковое развитие.

Подводя итог, можно сказать, что программа академической мобильности – это уникальная возможность для студентов получить международный опыт, расширить кругозор и познакомиться с другими культурами. Я искренне советую студентам пользоваться такими возможностями и не бояться пробовать новое.

Урюпина Диана, 4 курс,
ОП «Иностранная филология»

Академическая мобильность в Университете Фрибура (Université de Fribourg / Universität Freiburg), Швейцария

Мой путь в программу академической мобильности начался задолго до самой поездки. Высокий средний балл в родном университете, успешно сданный экзамен IELTS и участие в конкурсном отборе позволили мне получить возможность пройти обучение за рубежом — в Университете Фрибура (Université de Fribourg / Universität Freiburg), одним из ведущих академических центров Швейцарии. Конкурс был строгим, мест было немного, и именно это придавало особую ценность самому факту участия и победы, ведь за этой возможностью стояли годы подготовки, настойчивости и вера в то, что образование может стать мостом между культурами.

Учёба в Университете Фрибура стала для меня новым этапом. Я изучал дисциплины по лингвистике: Discourse Analysis у профессора Стива Освальда, Language Change in English у профессора Давида Корреа Сааведры, курс по средневековой драме Chester Cycle у Элизабет Даттон, а также курс Ghosts in English Literature у Юлии Штрауб. Дополнительно я осваивал немецкий язык на уровне A1.1–A1.2. Такой набор предметов был для меня уникален: некоторые из них просто отсутствуют в учебных планах моего родного университета. Особенно ценным оказался курс по дискурсивному анализу, он научил меня видеть язык как инструмент влияния и коммуникации, а не только как систему правил. Но и Chester Cycle произвёл на меня сильное впечатление: знакомство с английской средневековой драмой открыло совершенно иной пласт культуры, показало, как литература может быть связана с историей общества и его духовными практиками.

Обучение за границей оказалось не только академическим, но и личностным испытанием. Сначала я чувствовал лёгкую неуверенность: новая страна, другой язык, иная система образования. Но постепенно пришло понимание, что именно эта разница и есть главный ресурс мобильности. В

Швейцарии студенты обладают большей свободой в выборе траектории обучения, а преподаватели поощряют самостоятельность и критическое мышление.

Швейцарский менталитет произвёл на меня сильное впечатление. Люди здесь приветливы, открыты и вежливы, но при этом ценят личное пространство и порядок. В сравнении с нашей культурой они кажутся более спокойными и терпеливыми. Это помогло мне самому стать более толерантным и внимательным к другим.

Для меня было важно, что обучение за рубежом дало ощущение свободы — как в академическом, так и в личном плане. Я мог самостоятельно планировать своё время, выбирать направления для исследований, участвовать в дискуссиях. Всё это изменило моё восприятие образования: я понял, что учёба — это не только получение знаний, но и формирование личности.

Опыт академической мобильности в Швейцарии стал для меня переломным. Он расширил мой кругозор, научил ценить разнообразие культур и дал уверенность в собственных силах. Я стал более открытым к новым идеям, более терпимым к различиям и более мотивированным в профессиональном развитии.

Хотел бы ли я снова пройти обучение за рубежом? Да, абсолютно! Этот опыт невозможно заменить ничем другим, и я уверен, что он станет прочной основой для моего будущего, будь то работа переводчиком или преподавателем, вдохновляющим студентов на изучение языков и культур.

Куанышбек Аян, 2 курс,
ОП «Иностранный язык: два иностранных языка»

ШЕТЕЛДІК БІЛІМ – ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Қазіргі таңда қазақстандық жастар дамыған елдерде білім алып, тәжірибе жинақтау арқылы білім көкжиегін кеңейтіп келеді. Шетелде оқу — жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, ғылым мен білім саласында тың идеялармен танысуға мүмкіндік береді. Өзге елдің білім беру жүйесін көру, халықаралық студенттермен тәжірибе алмасу — болашақ мамандардың кәсіби дамуына үлкен әсер етеді. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және өлем тілдері университеті студенттерге түрлі гранттар, жобалар, тағылымдамалар және академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы қолдау көрсетіп келеді. Ғылым шекараны таңдамайды, сондықтан халықаралық ынтымақтастық білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Мен де осы мүмкіндікті пайдаланып, Малайзиядағы Universiti Kebangsaan Malaysia университетінде білім алу бақытына ие болдым.

Universiti Kebangsaan Malaysia — үлкен кампусы бар заманауи оқу орны. Мұнда студенттерге барлық жағдай жасалған: факультеттер мен жатақханалар арасында тегін автобустар жүреді, тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана, интернет желісі, спорт орталықтары бар. Университет кітапханалары зерттеу материалдарына бай, студенттерге білім алу үшін

кең мүмкіндіктер ұсынылған.

Оқу жүйесінің басты ерекшелігі — практикалық білімге басымдық берілуі. Студенттер белгілі бір топқа ғана бекітілмей, басқа факультеттердің де пәндерін тандап оқи алады. Сабақтарда теориядан гөрі практикалық тапсырмалар, кейс талдау, шығармашылық жұмыстар көп беріледі. Осындай тәсіл студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Оқу барысында мектепте тәжірибеден өтіп, 9-сынып оқушыларына сабақ бердім. Сондай-ақ language camp аясында оқушылармен түрлі сабақтар мен қосымша іс-шаралар ұйымдастырдым. Кейбір пәндерде анимациялық фанфикшн жасап, электронды кітап дайындау сияқты шығармашылық жұмыстар орындадық. Бұл сабақтар студенттердің креативті ойлауын дамытуға бағытталған.

Университет практикалық тәжірибе жинау үшін студенттерді тек мектептерге ғана емес, балалар үйіне, түрлі ірі компанияларға да жібереді. Шетелде білім алу студенттердің өміріне түрлі әсер етеді. Өзгеріс бар, қозғалыс бар, жаңару бар.

Ең бастысы, ғылымды есеп үшін емес, сапа мен нәтиже үшін дамыту қалыптасқаны байқауға болады. Медиа кеңістікте ғылымдағы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету — жалпы сапаны арттыру үшін маңызды.

Мұнда әртүрлі елден келген студенттермен танысып, мәдени тәжірибе алмасуға мүмкіндік

туады. Канадада, Францияда, Индонезияда, Қытайда, Жапонияда және Кореяда оқитын студенттермен достасып, бір-біріміздің мәдениетімізбен таныстық. Осындай ортада оқу адамға жаңа көзқарас қалыптастырып, дүниетанымды кеңейтеді.

Малайзияда түрлі мәдени және шығармашылық шаралар да ұйымдастырылады. Соның бірі — «ASEAN Art Festival» халықаралық фестивалі. Бұл фестивалге Азия елдерінен келген студенттер мен өнерпаздар қатысты. Осы фестивалде қазақ елінің атынан өнер көрсетіп, малай тілінде ән орындау байқауында жүлделі III орынға ие болдым. Сонымен қатар гала-концертте өнер көрсеткен қазақ студенттері II орынды иеленді. Бұл жетістік мен үшін үлкен тәжірибе әрі зор мақтаныш болды.

Малайзия — мәдениеті бай, табиғаты әсем ел. Оқу барысында елдің түрлі қалалары мен тарихи орындарын аралап, жергілікті халықтың өмір салтымен таныстым. Әртүрлі мәдени ортада өмір сүру ағылшын тілін дамытуға және жаңа достар табуға мүмкіндік берді.

Шетелде оқу — ерік-жігерді, еңбекті, көп ізденісті, өз бетінше үйренуді талап етеді. Жат жерде жүріп оқудың қиындығы мен ауырталығына қарамастан, қарым-қабілеті мен білім-біліктілігін тереңдетіп жүрген жастар көп.

Білім — болашаққа салынған жарқын жол.
Асанова Жұлдыз, 3-курс студенті
ББ «Шет тілі: Екі шет тілі»

Созвездие талантов КазУМОиМЯ: итоги грандиозного конкурса «Две звезды»

6 марта, в канун Международного женского дня, актовый зал Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана стал центром притяжения талантов. В этот вечер состоялся один из самых ожидаемых праздничных проектов: конкурс «Екі Жұлдыз/Две звезды». Главной особенностью конкурса стал формат дуэтов: в вокальных поединках сошлись тандемы преподавателей, сотрудников и студентов. Такое сотворчество позволило по-новому взглянуть на привычные академические отношения, соединяя профессиональный опыт старшего поколения и артистизм с энергией и эмоциональностью студенческой аудитории.

Подготовка к конкурсу была по-настоящему масштабной: за звание лучших боролись 12 дуэтов. На протяжении нескольких недель в стенах вуза ежедневно проходили репетиции.

Музыкальная программа вечера отличалась жанровым и языковым разнообразием. В воздухе витало творческое напряжение: участники оттачивали вокальные партии и сценические движения, стремясь к идеальному звучанию. Это волнение и искренний энтузиазм передались и зрителям: каждое выступление на сцене сопровождалось шквалом аплодисментов и поддержкой всего зала.

Со сцены прозвучали песни на казахском, русском, уйгурском, английском, испанском и китайском языках. В репертуаре участников были как известные произведения казахстанской эстрады, так и популярные мировые композиции. Такое многоязычие стало естественным отражением академической среды университета, где изучение языков и культур разных стран является частью повседневной жизни. Зрители услышали лирические и проникновенные дуэты, романтические баллады и более эмоциональные номера.

Оценивало номера конкурса жюри, в состав которого вошли представители руководства университета: **и.о. Председателя Правления - Ректора КазУМОиМЯ имени Абылай хана Дана Ануварбековна Кунанбаева, проректор по учебной работе Кулипа Чарипхановна Байсултанова, проректор по учебно-методической работе Светлана Закиевна Темиргалиева, проректор по воспитательной работе и социальным вопросам Татьяна Владимировна Серёжкина, а также проректор по международным связям Жанар Текесбаевна Жылтырова.**

В роли ведущих себя проявили старший преподаватель кафедры международных отношений Динара Баяновна Мукатова и студент первого курса педагогического факультета иностранных языков Нурзат Марат. Их диалог между номерами помогал сохранять динамику концертной программы и создавал атмосферу живого общения со зрительным залом.

Большую работу по подготовке и проведению конкурса проделали команды организаторов и танцевального коллектива из числа студентов университета. В организационный комитет вошли команда KDM HUB, команда deZire, представители факультета ФМОПиБ, а также другие активисты студенческого сообщества, благодаря слаженной работе которых мероприятие прошло на высоком организационном уровне.

Жюри предстояло сделать непростой выбор среди ярких и самобытных номеров. В итоге призовые места распределились следующим образом:

Гран-при и приз 100 000 тенге: блестящий дуэт факультета международных отношений, права и бизнеса – старший преподаватель Кишибаева Ботагез Саеновна и студент Аягузов Нуржақұт. Их исполнение композиции группы Орда «Белгісіз жан» стало кульминацией вечера. Песня о таинственной встрече и поиске прекрасного идеала окутала зал атмосферой романтики. Благодаря гармонии голосов, дуэту удалось передать всю искренность и магию ускользающего образа, не оставив никого равнодушным.

1 место и приз 80 000 тенге: гармоничный тандем психолога вуза Низамудин Мухаббат Армановны и студентки факультета востоковедения Жантимировой Дариги. Особым украшением их программы стала песня Адель «Someone Like You». Проникновенное и душевное звучание двух женских голосов удивило зал своей красотой и искренностью, став одним из самых трогательных моментов вечера.

2 место: творческий союз преподавателя кафедры Истории Казахстана Насыровой Мадияны Юлдашевны и студентки факультета востоковедения Кудышовой Тогжан. Особое восхищение вызвала уйгурская песня «Ассалам Алейкум». Она была наполнена невероятной нежностью и гостеприимством, словно приглашая каждого присутствующего в большой и радужный дом. Выступление сопровождалось завораживающими движениями танцевальной группы, чья грация буквально приковала взгляды зрителей и звала пуститься в пляс.

3 место и приз 30 000 тенге: яркий дуэт факультета международных отношений, права и бизнеса – преподаватель Абан Әсел Зинуллақызы и студентка Болатқан Жансая. Настоящим гимном романтики стала песня группы Орда «Ғашықсың ба?». Ее звучание оказалось удивительно созвучно весеннему настроению и пробуждающейся природе, пробуждая в каждом сердце желание любить и быть любимым.

Проигравших в этот вечер не было. В знак признательности за яркие выступления каждому участнику вручили благодарственное письмо и памятный подарок от имени ректората. Такое внимание со стороны руководства вуза подчеркнуло важность поддержки творческих инициатив студентов и преподавателей.

Мероприятие превратилось в настоящий фестиваль музыки и драйва: зал скандировал, подпевал знакомым хитам и танцевал вместе с исполнителями. «Две звезды» в очередной раз подтвердили статус КазУМОиМЯ как большой творческой семьи, а не просто учебного заведения, где наставники и студенты вдохновляют друг друга на новые свершения.

**Столярова Екатерина, Найденова Вероника,
2 курс, ОП «Журналистика»**

Традиции весны: Как прошло празднование 8 Марта в нашем вузе

Пятничное утро в «КазУМОиМЯ» началось не с привычных лекций, а с нежного аромата тюльпанов, который наполнил все этажи. Поскольку 8 марта в этом году выпало на воскресенье, наши студенты решили не ждать официальной даты и устроили праздник заранее, превратив обычный учебный день в настоящее торжество.

Цветочный патруль в коридорах Коридоры корпуса университета в это утро напоминали яркий цветочный квест. Самая запоминающаяся картина дня – это группы парней, которые сосредоточенно «дежурили» у входов на кафедры. Спрятав букеты за спинами, они терпеливо выжидали своих преподавателей, чтобы успеть вручить подарки и поздравить их до звонка на первую пару. В эти моменты академическая обстановка сменялась искренними улыбками и теплыми словами благодарности.

Праздник внутри аудиторий
В то время как в холлах шла официальная часть, в самих аудиториях кипела своя, не менее насыщенная жизнь. Студенты заранее готовили сюрпризы для своих одногруппниц: вручали подарки, устраивали небольшие чаепития прямо на переменах и делали бесконечные селфи, чтобы запечатлеть этот весенний момент. Ленты соцсетей мгновенно наполнились яркими кадрами на фоне праздничного декора.

Атмосфера вопреки дедлайнам
Несмотря на то что по расписанию это был полноценный учебный день, общая атмосфера в университете была максимально нерабочей. В воздухе витало предвкушение праздника и выходных. Было по-настоящему приятно видеть, как за серьезными парами, сложными темами и горящими дедлайнами проглядывает простая, но такая важная человеческая радость.

В этот предпраздничный день университет стал чуть уютнее, а долгожданная весна в Алматы почувствовалась по-настоящему. Такие моменты объединяют студентов и преподавателей, напоминая, что вуз – это не только учеба, но и большая дружная семья.

**Турсынжан Алтынбеков, студент
2 курса, специальность «Журналистика»**

Жасанды интеллект: студенттің көмекшісі ме, әлде бәсекелесі ме?

Соңғы жылдары жасанды интеллект студенттердің күнделікті өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Бұрын студенттер реферат жазу үшін кітапханаға барып, бірнеше кітапты қарап шығатын. Ал қазіргі таңда жасанды интеллект бірнеше минут ішінде қажетті ақпаратты ұсына алады. Бұл технология студенттердің оқу тәсілін айтарлықтай өзгертті.

Қазіргі уақытта көптеген студенттер жасанды интеллектті мәтін аудару, презентация дайындау мен күрделі тақырыптарды түсіну мақсатында қолданады. Мысалы, шетел тілін меңгеріп жүрген студенттер жаңа мәтінді аудару барысында я болмаса грамматикалық құрылымдарды тексеру кезінде жасанды интеллекттің көмегіне жүгінеді.

Бұдан бөлек, кейбір студенттер күрделі тақырыптарды түсіну үшін қосымша түсіндірмелер алады, сондай-ақ мысалдар арқылы материалды жеңіл меңгереді. Жасанды интеллекттің тағы бір маңызды артықшылығы – уақытты үнемдеуі. Мәселен, студент презентация дайындау барысында ақпарат іздеуге бірнеше сағат жұмсамай, негізгі мәліметтерді қысқа уақыт ішінде жинай алады. Бұл өз кезегінде студенттің басқа пәндерге көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді.

Дегенмен, жасанды интеллекттің кері тұстары да бар. Кейбір студенттер дайын мәтіндерді еш өзгеріссіз пайдалануға бейім. Мұндай жағдайда студенттің өз бетімен ізденуі азайып, білім сапасы төмендеуі ықтимал. Сондықтан жасанды интеллектті дұрыс пайдалану – бүгінгі студенттің маңызды міндеттерінің бірі.

Жасанды интеллект – болашақтың технологиясы. Ол студенттерге кең мүмкіндіктер ашады. Алайда бұл технология адамның орнын толық алмастыра алмайды. Ең бастысы – жасанды интеллектті білім алуға көмектесетін тиімді құрал ретінде пайдалану.

**Сахи Асель
1 курс студенті,
ББ «Журналистика»**

Ұлттық құрылтай әсері

Қазақстанда соңғы жылдары саяси жаңғыру даму жолында қарқынды жүріп жатыр. Осы өзгерістердің маңызды жолдарының бірі – Ұлттық құрылтай. Қасым Жомарт Тоқаев бастамасымен құрылған Ұлттық құрылтай елдегі қоғамдық қарым қатынасты нығайтуға, халық пен билік арасындағы байланысты күшейтуге бағытталды.

Ұлттық құрылтай ең алдымен саяси мәдениетті дамытуға әсер етті. Бұрын шешімдер тек мемлекеттік органдар деңгейінде қабылданса, енді қоғам өкілдерінің пікірлері ескерілетін болды. Бұл демократиялық қағидаттардың нығаюына ықпал етті.

Ұлттық құрылтайдың тағы бір маңызды әсері – ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Құрылтай отырыстарында тіл, мәдениет, тарих, тәрбие мәселелері кеңінен қозғалып, жастар тәрбиесіне ерекше мән берілді. Бұл – елдің рухани жаңғыруына серпін беретін қадам.

Ұлттық құрылтай Қазақстандағы саяси реформалардың маңызды құралына айналды. Ол қоғам мен билік арасындағы сенімді арттырып, азаматтардың ел тағдырына белсенді қатысуына жол ашты. Сонымен қатар, Құрылтай ұлттық бірлікті нығайтуға, тіл мен мәдениетке деген құрметті арттыруға ықпал етті. Ол жастар саясаты, білім беру, отбасы құндылықтары сияқты маңызды тақырыптарды да қамтып, қоғамның рухани дамуына әсер етті.

**Қайратқызы Аружан,
Шығыстану факультетінің 1-курс студенті**

Мошенниктердің айла-шарғысы: қоғамды алдау әдістері

Қазіргі қоғамда алаяқтық мәселесі барған сайын өзекті сипат алып келеді. Интернеттің кең таралуы, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы алаяқтарға адамдарды түрлі айла-шарғы арқылы алдауға мүмкіндік берді. Мұндай қылмыстардың салдарынан көбіне зейнеткерлер мен жастар зардап шегеді. Бұл жағдай қоғам қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін маңызды мәселе ретінде қарастырылады.

Зейнеткерлер алаяқтардың басты нысанасына айналып отыр. Көп жағдайда олар телефон арқылы келген хабарламаларға, интернеттегі мәліметтерге сеніп қалады. Алаяқтар өзін банк қызметкері, құқық қорғау органының өкілі ретінде таныстырады. Осындай тәсіл арқылы азаматтардан жеке деректер, банк картасының мәліметтері сұралады. Мұның салдарынан көптеген зейнеткерлер жинаған қаражатынан айырылып қалып жатады.

Жастар арасында да алаяқтық құрбандары жиі кездеседі. Интернет кеңістігінде таралған жалған жарнамалар, күмәнді ұсыныстар, тез табыс табуға шақыратын хабарландырулар жастардың қызығушылығын тудырады. Бұған қоса жалған интернет-дүкендер, әлеуметтік желілердегі жалған парақшалар арқылы алдау әрекеттері кең таралған. Кейбір жастар белгісіз сілтемелерді ашып, жеке мәліметтерін жариялап қояды. Осындай жағдайлар алаяқтарға оңай мүмкіндік береді.

Алаяқтықтың алдын алу үшін әрбір азамат жоғары деңгейде сақтық танытуы тиіс. Бейтаныс адамдарға жеке деректерді, банк картасының нөмірін, құпия кодтарды беруге болмайды. Күмән тудыратын сілтемелерді ашудан бас тартқан жөн. Ақпаратты тек ресми дереккөздер арқылы тексеру қауіпсіздікті сақтауға көмектеседі.

Қорытындылай айтқанда, алаяқтық – қоғамға елеулі қауіп төндіретін күрделі мәселе. Әсіресе жастар мен зейнеткерлер ақпараттық сауаттылықты арттыруы қажет. Қырағылық таныту, ақпаратты мұқият тексеру, қоғамда бір-бірін ескерту мәдениетін қалыптастыру алаяқтық әрекеттердің азаюына ықпал етеді.

Хамидулла Мерей,
1 курс студенті
ББ «Журналистика»

Жеңіл ақшаның тұзағы: Жастық шақ «курьер» болуға тұра ма?

Бүгінде жастардың санасы «тез байып кету» дертіне шалдыққандай. Әлеуметтік желідегі сәнді өмір, қымбат көліктер мен еш қиындықсыз келетін ақша бейнесі жас буынның құндылықтар жүйесін асты-үстіне шығарды. Бірақ сол жылтыраған дүниенің артында – қараңғы темір тор, қираған тағдырлар мен өкінішке толы өмір жатқанын кім ойлады?

«Курьер» - заманауи құлдықтың аты. Қазіргі таңда «закладчик» немесе есірткі тасушы болу - ең үлкен қауіпке айналды. Жастар мұны «жай ғана жұмыс», «уақытша ақша табу» деп қабылдайды. Олар заң алдындағы жауапкершіліктің қаншалықты ауыр екенін (10 жылдан өмір бойына дейін бас бостандығынан айыру) жете түсінбейді.

Ең сорақысы - бұл қылмысқа тек «қиын отбасыдан» шыққандар емес, университеттің үздік студенттері, болашағынан үміт күттіретін жастар да араласып жатыр. Неге? Өйткені қазіргі қоғамда «ақшаның иісі жоқ» деген түсінік қалыптасып барады. Еңбекпен келетін наннан гөрі, заңсыз жолмен келетін «оңай олжа» тартымдырақ көрінеді.

Моральдық құлдырау: Сана неге өзгерді?

Біздің ата-бабамыз «Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы» деген. Ал бүгінгі жастардың бір бөлігі үшін «ар» деген ұғым «табыстың» көлеңкесінде қалып қойды. Адам өлтіру, біреуге зиян келтіру немесе есірткі тарату арқылы мыңдаған тағдырды улау - олар үшін жай ғана «бизнес-процесс».

Бұл - сананың трансформациясы. Біз рухани байлықтан гөрі материалдық көрсеткіштерді жоғары қоятын қоғам құрып алдық. Жастар «Кім болсам?» деп емес, «Қанша тапсам?» деп ойлайтын болды. Сұрақ біреу: Егер біздің болашағымыз - жастар - ақша үшін заңды аттап, адам өмірін құрбандыққа шалуға дайын болса, біз қайда бара жатырмыз?

Статистикаға сүйенсек, есірткі бизнесіне араласқан жастар орта есеппен 2-3 ай ғана «жұмыс істеп» үлгереді. Одан кейінгі аялдама - темір тор. 18-20 жасында сотталып кеткен жастардың өмірі сол жерде үзіледі десе де болады. Дипломның орнына - сотталғаны туралы анықтама, жарқын болашақтың орнына - конвойда сүйемелдеуі.

Жеңіл ақшаның соңы - ауыр өкініш. Ешқандай қымбат телефон, брендтік киім немесе бір күндік рахат бостандықтың бір минутында да тұрмайды.

Бізге не істеу керек? Бұл мәселені жасырып-жауып қою мүмкін емес. Біз - журналистер, қоғамның дертін айтатын дәрігерлерміз. Университет қабырғасында жүрген әрбір студент түсінуі тиіс: адал еңбекпен табылған бір теңге - арам жолмен келген миллионнан қайырлы.

Қоғам болып «ұят» пен «ар» ұғымдарын қайта жаңғыртуымыз қажет. Табыс - еңбекпен, біліммен және маңдай термен келгенде ғана адамға абырой әкеледі. Ал өзгеге қайғы әкелген ақша - өз иесін де түбінде құрдымға жібереді.

Дузелбай Шуглабану,
1 курс студенті
ББ «Журналистика»

Дүниежүзілік радио күні аясында халықаралық қысқы мектеп өтті

2026 жылдың 18–21 ақпан аралығында Алматы қаласында XIII Халықаралық қысқы журналистика мектебі өтті. Іс-шара Біріккен Ұлттар Ұйымы бастамасымен бекітілген Дүниежүзілік радио күні аясында ұйымдастырылды. Биылғы кездесудің басты тақырыбы – жасанды интеллект дәуіріндегі журналистиканың этикасы, технологиялық мүмкіндіктері және жауапкершілік мәселелері болды. Аталған іс-шараға Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және өлем тілдері университеті «Журналистика» білім беру бағдарламасының студенттері белсенді түрде қатысты.

Бұл қысқы мектеп мен үшін де өте маңызды тәжірибе алаңы болды. Қазіргі таңда медиа саласы қарқынды дамып келеді, ал журналистерге қойылатын талап та күшейіп отыр. Спикерлер цифрлық трансформация жағдайында медианың рөлі қалай өзгеріп жатқанын жан-жақты түсіндірді. Технологияның дамуы ақпарат тарату жылдамдығын бірнеше есе арттырғаны айтылды. Бүгінде кез келген адам санаулы секундта мәтін, сурет немесе бейне жасап, оны көпшілікке ұсына алады. Алайда жылдамдық артқан сайын қателік пен жалған ақпараттың да тез таралатынына ерекше назар аударылды. Осындай жағдайда журналист үшін ең басты құндылық – этика екенін терең сезіндім.

Маған әсер еткен ойлардың бірі – журналистер үшін халықаралық ұсынымдар мен кесібі стандарттар маңызды, бірақ өз елінің

Арал аманаты және ұлттық жауапкершілік

Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Арал өңірінің тағдырын тек аймақтық мәселе емес, тарихи жауапкершіліктің өлшемі ретінде айқындап берді. Бұл – бір ғана географиялық кеңістіктің емес, тұтас елдің экологиялық, әлеуметтік әрі рухани ахуалын еңғартатын өзекті тақырып. Президент өз сөзінде Арал өңірінде атқарылып жатқан жүйелі жұмыстарға тоқталды. Кіші Аралды сақтау жобасы, Көкарал бөгетінің салынуы, су деңгейінің көтерілуі, бұл – ұзақ мерзімді жоспарлаудың жемісі.

Арал мәселесі – жай ғана экология емес, ол ұлттық қауіпсіздікпен, халықтың әл-ауқатымен, демографиялық тұрақтылықпен тікелей байланысты. Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымның жаңаруы, жаңа жұмыс орындарының ашылуы теңіз тағдырымен сабақтас. Президент атап өткендей, өңірді кешенді дамыту – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Бұл ретте су ресурстарын тиімді пайдалану, трансшекаралық өзендер бойынша келіссөздерді күшейту, заманауи технологияларды енгізу – уақыт талабы.

Арал өңірін жаңғырту – өткеннің қатесін түзету ғана емес, болашаққа сенім ұялату. Қайта оралған су – қайта түлеген тіршілік. Балық шаруашылығының жандануы, халықтың тұрмыс сапасының артуы – мұның бәрі нақты саясаттың нәтижесі болуы тиіс. Президент сөзі осы үмітті бекемдейді.

Қорыта айтқанда, Арал мәселесі – өткеннің өкініші емес, болашақтың мүмкіндігі. Ол жауапкершілікті саясат пен бірліктің арқасында жаңғыру символына айналуда ғана. Ұлттық құрылтай мінберінен айтылған ойлар осы тарихи міндеттің орындалатынына сенім ұялатады.

Ермек Меруерт,
Шығыстану факультетінің 1-курс студенті

заңнамасын терең білуі және қызметінде соған сүйенуі қажет екенінде. Шынында да, халықаралық деңгейде қабылданған құжаттар, мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе ЮНЕСКО өзірлеген қағидаттар журналистиканың жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген дамуына бағыт береді. Алайда олар ұлттық құқықтық нормалардың орнын алмастырмайды. Заң – қоғамды қорғаудың негізгі тетігі. Себебі ақпарат адамдардың ойына, көзқарасына, қоғамдық пікірге тікелей ықпал етеді. Журналист құқықтық жауапкершілікті сезіне отырып әрекет еткенде ғана кәсіби қызметі этикалық әрі заң аясында жүзеге асады.

Тағы бір маңызды тақырып – сыни ойлау. Спикерлер жалған ақпаратпен күрестегі ең басты құрал – адамның санасы екенін атап өтті. Шынында



да, біз күн сайын сан түрлі мәлімет көреміз, бірақ оның бәріне бірдей сенбе беру дұрыс емес. Әр ақпаратты саралап, өз көзқарасыңды қалыптастыру – болашақ журналист үшін аса қажет дағды.

Қысқы мектеп маған жасанды интеллектке жаңа қырынан қарауға мүмкіндік берді. Ол – өте пайдалы құрал, бірақ адамның орнын толық баса алмайды. Қорытындылай келе, технология дамыған сайын адамгершілік, кәсіби этика және саналы таңдау да қатар дамуы керек деген ой түйдім.

Адия Омарбекова,
2 курс студенті ББ «Журналистика»

Общая редакция – Председатель Правления – Ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д. филол. н., профессор, академик НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА

Главный редактор – Проректор по СВВиР к.ф.н., ассоц. проф. Т.В. СЕРЕЖКИНА.

Ответственный редактор – Пресс-секретарь, к.п.н., Р.А. ДЮСУПОВА. Тел.: 292-44-60

Редакционная коллегия – Начальник издательства: Б.А. ЕСЕНГАЛИЕВА, Дизайн-вёрстка: Б.С. КЫНЫРБЕКОВ

Учредитель – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана».

Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации РК. Свидетельство – № 497, от 25 апреля 1997 г.

Подписано в печать: 26.03.2026 г. Заказ № 3656. Тираж 200 экз. Отпечатано в издательстве «Полилингва» АО «КазУМОиМЯ имени Абылай хана»,

050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200. www.ablaikhan.kz